

Гуманитарлық пәндер бірлестік отырысының

№ 1 хаттамасы

31 тамыз 2022 жыл

Қатысқандар: барлығы

Тақырыбы: «2021-2022 оқу жылында әдістеме бірлестіктің атқарған жұмысы жайында есеп, 2022-2023 жаңа оқу жылына жоспар құру.»

Күн тәртібі

1. ӘБ 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмысы жайында.
2. 2022-2023 оқу жылына жоспарды бекіту.
3. Гуманитарлық пәндер декадасын жоспарлау. «Абай» клубының жоспары.
4. ҰБТ тапсыруға дайындық жұмысын жоспарлау.
5. Әртүрлі.

Күн тәртібінің бірінші және екінші сұрағы бойынша әдістеме жетекшісі Аубакирова Г.У. «2021-2022 оқу жылында әдістеме бірлестіктің атқарған жұмысы жайында есеп» баяндамасын оқыды. Өткен оқу жылда карантинге қарамастан әдістеме бірлестік өз жұмысын жоспар бойынша атқарды. Баяндамашы сонымен қатар жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырды.

Күн тәртібінің үшінші бөлігі бойынша мұғалімдер «Абай» клубының жұмысы жайында сөз қозғады, жақсы деңгейде өткен іс-шараларды айтып өтті.

Күн тәртібінің төртінші бөлігі бойынша Достанбекова А.А., Ахметова А.А., сөз сөйледі, мұғалімдер келесі оқу жылға байланысты пікірлер айтылды, әртүрлі сұрақтар талқылады, дәптер жайында сөз қозғады.

Қаулы:

1. 2021-2022 оқу жылында әдістеме бірлестіктің атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Жаңа оқу жылының жоспары бекітілсін.
3. «Абай» клубының жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. БЖБ, ТЖБ жұмыстарын дәптерге жазуға болатыны бекітілді.
5. Айтылған ақпарат есепке алынсын.

ӘБ жетекшісі Аубакирова Г.У.

№ 2 хаттама  
Гуманитарлық ӘБ отырысы

қатысқан: барлығы ӘБ мүшелері

2 қараша 2022 ж.

Күн тәртібі

1. «Тарих пәнінің оқытудағы тиімді әдістері» атты баяндама. Тарих пән мұғалімі Байконурова Б.А.
2. Формативті бағалау жайында пікір алмасу.
3. Мектепшілік олимпиаданы өткізу туралы, тапсырмаларды құрастыру.
4. Тарих пән онкүндігінің өтуін жоспарлау.
5. Әртүрлі.

Күн тәртібінің бірінші бөлігі бойынша Байконурова Б.А. баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы өз сабақтарында жаңа технологиялардың пайдалану тәсілдерімен таныстырды. Жаңа әдістер сабақтарды түрлендіріп, оқушылардың қызығушылықтарын оятатынын атап өтті.

Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша мұғалімдер формативті бағалау жайында өзара пікір алысты. Орыс тілінің мұғалімі Чванина Е.А. «Сабақтарда «үлкен бармақ», «шапалақ соғу», «фишка тарату» әдістерін жиі қолданамын. Достанбекова А.А. «Формативті бағалау-сабақтың маңызды бөліктерінің бірі».

Күн тәртібінің үшінші бөлігі бойынша мектепшілік пән олимпиадасының өтуі талқыланды. Оқушыларға тапсырмалар тест, БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының форматтары түрінде дайындалатыны айтылды.

Күн тәртібінің төртінші сұрағы бойынша тарих пәнінің онкүндігінің өтуі қарастырылды. Онкүндік іс-шаралардың түрлері: ашық сабақ, викторина, ойын сабақтары.

Күн тәртібінің бесінші бөлігі бойынша 1-тоқсан қорытындысы сөз болды, мектеп аттестациядан өтуге дайындық аясында 4,9 сынып оқушыларының тест тапсыру дағдыларын нығайту көзделді.

Қаулы: 1. Байконурова Б.А. баяндамасы назарға алынсын.

2. Пән олимпиадасының тапсырмалары бекітілсін..

3. Оқушылардың білім сапасын арттыруға назар аударылсын  
ӘБ басшысы Аубакирова Г.У.

№ 3 хаттама  
гуманитарлық ӘБ отырысы

қатысқан: барлығы ӘБ мүшелері

6 қаңтар 2023 ж.

Күн тәртібі

1. «Қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында дидактикалық материалдарының пайдалануы» атты баяндама. Пән мұғалімі Ахметова А.А.
2. Дарынды оқушылармен жұмыс жасау түрлерімен тәжірибе бөлісу.
3. Тарих пән онкүндігінің өту есебі.
4. Әртүрлі.

Күн тәртібінің бірінші бөлігі бойынша Ахметова А.А. баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы өз сабақтарында дидактикалық материалдарын тиімді пайдалану жолдарын атап өтіп, олардың оқушылардың қызығушылығын арттыруда үлкен рөл атақаратынын айтты.

Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша мұғалімдер өзара пікір алысты. Байконурова Б.А.: «Логикалық — оқу материалдары бойынша логикалық ойлау процесі арқылы құрылымындағы тапсырмаларды орындау; шығармашылық әдіс-тәсілдері игеруі, шығармашылыққа қадам жасау, түрлендіру, ой туындатуы, қорытынды жасау, ғылыми-ізденіс жүргізу арқылы оқушы бойындағы дарындылықты дамытуға қадам жасаймын.»

Күн тәртібінің үшінші бөлігі бойынша тарих пәнінің онкүндігінің өтуі қарастырылды. Асылтасова Ж.М. 7 «Б» сыныппен «Бақытты кезең», -сыныптан тыс іс-шара, «1836-1838 ж.ж Бөкей Ордасындағы ұлт-азаттық көтеріліс» атты ашық сабақ өткізді. Байконурова Б.А. 9-11 сыныптармен «Своя игра» ойынын өткізді. Онда оқушылар жұмбақтар шешіп, өлең айтып, пән бойынша өз білімдерін дамытты.

Күн тәртібінің төртінші сұрағы бойынша алдағы мектеп аттестациялаудан өтетіні жайында пікірлер айтылды. Оқушылардың білім сапасын арттыру жолдары талқыға салынды.

Қаулы: 1. Ахметова А.А. баяндамасы назарға алынсын.

2. Тарих пән онкүндігінің барысы «қанағаттанарлық» деп есептелсін.

3. Оқушылардың білім сапасын арттыруға назар аударылсын  
ӘБ басшысы Аубакирова Г.У.